

БҚО дарынды балаларға арналған
мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ»
мектеп-лицей-интернаты, тарих пәні мұғалімі
Нуртазина Айгерим Базаровна

**Баяндама тақырыбы: «Болашақ» бағдарламасы: жаңа мүмкіндіктер
бастамасы**

«Болашақ» Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 1993 жылы 5 қарашадағы №1394 қаулысына сәйкес құрылды. Бұл бағдарлама 90-жылдардың күрделі кезеңіне сәйкес келгенімен, Елбасы бағдарламаның ел келешегі үшін маңызды екенін жақсы түсінген еді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті еліміз нарықтық қатынастарға көшкен сәттегі қиындықтарға қарамастан жасалған қадамның маңызды болғанын атап өткен еді. «Болашақ» бағдарламасын бекіту туралы қаулы қабылдаған кезде Қазақстанның төл валютасы айналымға әлі енбеген болатын. Соған қарамастан мемлекет тәуекелге барды. *«Біздің «Болашақ» бағдарламасын бекіткеніміздің дұрыс болғанын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Еліміз үшін ең күрделі болған 1993 жылы қарттарға зейнетақысын бере алмай жатқан кезде, мұғалімдер мен дәрігерлерге, әскерилерге айлығын төлей алмай жатқан тұста жастарымызды әлемнің ең үздік ЖОО-ларына жолдап жаттық. Мемлекет әрбір жас үшін жыл сайын 30 мың-50 мың АҚШ долларға дейін төлеп отырды. Міне, осы жолмен қазір 14 мың жас өрен оқып, тағы да 20 мыңын ата-аналардың өзі жіберіп отыр. Олардың 12 мыңы қайтып келіп, біздің экономикаға жұмыс істеуде» деген еді Елбасы 2019 жылы.*

Негізі, Қазақстан сол жылдары ТМД-да бірінші болып шетелдерде жастарды оқытуды бастаған мемлекет еді. Әрине, ол кезде өз қалталарынан қаржы шығарып, Еуропа мен АҚШ-қа, Жапония мен Кореяға оқуға кеткен азаматтар ТМД елдерінде аз болған жоқ. Алайда дәл Қазақстан сияқты бұл іске мемлекеттік деңгейде мән беріп, арнайы бағдарлама әзірлегендер сирек еді. Өйткені шетелдерде жастарды оқыту арзан «ермек» емес. Қазақстандық алғашқы студенттер 1994 жылы оқуға аттанған болатын. Сөйтіп, 1994-2004 жылдар аралығында әлемнің 13 елінде 785 студент білім алды. Кейін шетелге оқуға кететін студенттер саны мыңдап саналатын болды.


Бүгінде «Болашақ» стипендиясы арқылы шетелдерде оқып келген мыңдаған маман түрлі салаларда еңбек етіп жүр. Олар медицина, инженерия, IT, білім беру, құқық және басқа да салада қызмет етуде. Жалпы саны «Болашақ» стипендиясымен оқыған 150-ден астам азамат ғылыми мекеме мен жоғары оқу орнында профессор деңгейіне жетті. Сонымен қатар бағдарлама нәтижесінде экономиканың нақты секторына 4 мыңнан астам маман қосылды. Олардың 2,2 мыңы инженер болса, 1,5 мыңы ақпараттық технологиялар мен коммуникация, 400 адам жаратылыстану, 80 маман ауыл шаруашылығы саласында еңбек етуде. Одан бөлек, шетелдерде оқып келген 790 маман медицина саласында жұмыс істейді. Олардың 545-і – білікті дәрігер. 972 маман бастауыш, орта және жоғары оқу орындары мен білім беру

орталықтарында жұмыс істейді. Сонымен бірге 200-ден астам азамат өнер, мәдениет саласында еңбек етеді. Жалпы 14269 стипендия тағайындалған. «Болашақтықтардың» 75 пайызы өз білгендерімен ұдайы бөлісіп отыратыны анықталған. Осылайша, Елбасының тікелей бақылауында құрылған «Болашақ» бағдарламасы Қазақстанда білім мен ғылымды насихаттауға орасан зор еңбек сіңіруде. Бұл үрдіс әрі қарай жалғасын табары сөзсіз.

Әдетте «Болашақ» бағдарламасы туралы сөз еткенде көбіне нақты даярланған мамандар, олардың қызмет етіп жүрген салалары жайлы көбірек сөз болады. Дегенмен бағдарламаның қосымша әсері бар екені байқалады. Әрине, бұл бағытта нақты зерттеу жасалған жоқ. «Болашақ» бағдарламасы енгізілгеннен бері елімізде ағылшын немесе өзге де шет тілдерін үйренуге деген сұраныс күрт өсті. Бүгінде мектеп оқушыларының арасында IELTS және TOEFL қатарлы емтихандарды тапсыруға тырысатындар қатары да артқан. Қазір аталған емтихандар мен өзге тілдердің сынақтарынан жоғары ұпай алатын оқушылар аз емес.

Көпжылдық тәжірибесі бар бұл бағдарлама арқылы стипендиат атанып, шетелдік білім ордаларына түсу мүмкіндіктері де қазіргі таңда кең болып тұр. Негізінен төмендегі 1-суретте берілген келесі қадамдарды орындау керек.

ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРУДЫҢ 5 ҚАРАПАЙЫМ ҚАДАМЫ



1-сурет

Әр қадам бойынша толық мәліметтер <https://bolashak.gov.kz/kz/mitkerge> сайтында көрсетілген.

Осы бағдарлама шеңберінде сөз қозғау себебім - өзім де «Болашақ» стипендиаты атану қуанышыма бөленгенімде. 15. 04. 2014 – 14. 07. 2014 аралығындағы “Болашақ” бағдарламасы бойынша Финляндия еліндегі НАМК қолданбалы ғылымдар университеті жанындағы ғылыми тағлымдамадан өттім. «Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқыдым.



Тағылымдама барысында келесі әдістемелер меңгерілді:

- пәндік –тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL)
- диалогтік оқыту
- проблемалық оқыту (PBL)
- бірлескен топтағы оқыту
- қашықтан оқыту
- жоба негізіндегі оқыту технологиясы (PBL)
- АКТ қолдану арқылы оқыту

Тағылымдама соңында қорғаған жоба тақырыбы - «Student assessment system in Finland». Жобаның негізгі мақсаты – Финляндияның білім беру жүйесіндегі негізгі құжаты есептелетін Оқу бағдарламасын зерттей келе, финн мектептеріндегі оқушыларды бағалау жүйесінің ерекшеліктерін айқындау.

Тағылымдама тек өз пәніңіз бағытында өз білімдеріңізді жетілдіруді қамтып қана қоймай, ой-өрісіңіздің кеңеюіне, өзге ортада жаңаша сезінуіңізге, психо-эмоционалдық, кәсіби, мәдени дамуымыңызға көп ықпал етеді.

Болашақта өз шеберлігін белгілі бір салада шыңдаймын деген жастар ғана емес, кез келген адам үшін үлкен мүмкіндіктер баспалдағын ашатын бағдарлама екеніне толықтай сенімдімін.